

фактор. 4. Жасөспірімдер агрессиясының проблемасы – ата-аналардың проблемасы, бұл тәрбиенің болмауы. Әрине, егер әр түрлі отбасылар болса, бірақ, әдетте, агрессивті мінез-құлықты қоздыратын факторлар жасөспірімдер қауымдастығына қарағанда отбасында аз. Көптеген ата-аналар күнделіктерде балаларының мектептегі мінез-құлқы туралы жазбаларды оқуға таң қалады, өйткені үйде олар ешқашан өзін ұстамайды. 5. Жасөспірімдер агрессиясы-бұқаралық ақпарат құралдарының жаман әсерінің нәтижесі, фильмдер мен кітаптардың агрессивті кейіпкерлеріне еліктеудің салдары. Бұл ішінара шындық, бірақ әрдайым ауқымды зерттеулермен расталмайды. Тәжірибе көрсеткендей, мысалы, экшн-фильмді көргеннен кейін жасөспірімнің агрессия әрекетін жасау мүмкіндігі құрдастарына қарағанда жоғары, бірақ 2-3 сағаттан кейін агрессияға дайындығы орташа жас көрсеткіштерімен салыстырылады. Жасөспірімдер агрессиясының алдын алу міндетін қойған мұғалімдер жоғарыда аталған мифтердің тұтқында болмағанын қалаймын. Жасөспірімдер агрессиясы және ата-аналар. Содан кейін ата-аналардың көпшілігі жасөспірімдер ортасында агрессия проблемасына тап болады. Олардың балалары құрбан болған кезде. Егер 31 бала қолайсыз жағдайлардан сәтті аулақ болса немесе барлық отбасылардың құрдастарына қарсы агрессивті әрекет етсе, мәселе оның назарында. Жүз ата – ана құрдастарына агрессияны көрсеткен кезде балаларының мінез-құлқын жанама түрде мақұлдайды: олар қылмыскерге "берілейік" деп кеңес береді, өз құқықтарын қорғайды және "егер сіз киінсеңіз", дисфункционалды отбасылардан шыққан балаларға сенімсіздік тудырады ("олармен дос болмаңыз, олардың алкогольді ата-аналары бар") және жиі ұлтаралық қақтығыс. Агрессивті мінез-құлықты ресми түрде айыптай отырып, олар өз баласына табиғи ерекшелік жасайды. Бала жасөспірімге жетіп, референттік топтың табиғи жағдайына енген кезде (ата-аналар мен мұғалімдердің пікірі қазір жасөспірімдер ұжымының пікіріне қарағанда аз салмақты болады), олардың отбасы ішіндегі қарым-қатынастарында агрессивті мінез-құлықтың бұрыннан қалыптасқан стереотиптерін жаңғыртқан кезде олардың таңқаларлығы үлкен. Бұл жағдайда педагог – психологтың міндеті-ата-аналарға тәлімгер және кеңесші болу. Алайда, бұл жағдайда педагог-психолог жоғары құзыреттілік пен беделге ие болуы керек. Ата-аналарды мәселенің негізгі аспектілерімен таныстыру керек. Олардың баланың мінез-құлқына қатысты алаңдаушылықтары мұғалімнің сауатты психологиялық түсіндірмесін алуы керек. Көп жағдайда ата-аналармен арнайы семинарлар (айына кемінде бір рет) және жеке кездесулер (кем дегенде айына бір рет) өткізу ұсынылады. Көбінесе ата-аналар жиналысы аясында топтық сабақтарды өткізу үшін осы мектепте, сыныпта балаларға кеңес беретін мамандарды (дәрігерлер, психологтар) шақыру ұсынылады. Алайда ата-аналармен жеке әңгімелесуді педагог-психологтың өзі жүргізуі тиіс. Кейбір жағдайларда әңгімені қысқа телефонмен сөйлесуге дейін қысқартуға болады, бірақ бастысы – ата-аналармен үнемі байланыста болу. Ата-аналарды, егер олар өз баласындағы жасөспірім агрессиясының шабуылдарын өз бетінше түзете алмаса, онда оларға жеке көмек көрсете алатын немесе бүкіл ұжымның өміріне өте тиімді араласатын мамандармен кеңесу керек деп сендіру керек.

Әдебиеттер тізімі

1. **Основные направления психологической помощи дезадаптированным подросткам в контексте глобализации и взаимовлияния культур** (на примере РЦТП) // Молодые ученые о проблемах глобализации и взаимовлиянии культур: Материалы IV научной конференции молодых ученых факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби Алматы, 28.02.2003- С.212-215.
2. **Лоренц К.** Этология. – М.: Просвещение 1987 – 290 с.
3. **Тедеш Дж.** Теория социального влияния. – М.: Наука, 1989 – 204 с.
4. **Бандура А. Уолтерс Р.** Подростковая агрессия. Изучение влияния воспитания и семейных отношений. – М.: Просвещение, 2009 – 366 с.
5. **Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность.** – М.: Просвещение, 1975 – С.109-110.
6. **Фрейд А. Психология «Я» и защитные механизмы.** – М.: Просвещение, 1993 – 563 с.

ӨОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Бектігұлова Н. – №17 И.Трибуцын атындағы мектеп-гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Тараз қаласы, Меркі ауданы.

Мақалада қазақ даласында ұлттық мектептің қалыптасуына үлес қосқан белгілі тұлға Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметі жайында айтылған. Сонымен қатар оның өмірлік құндылықтарымен байланысы талқыланған. Заманауи педагогикалық қызметтермен салыстырмалы түрде саралану да назаран тыс қалмаған.

Кілт сөздер: педагог, құндылық, қызмет, тұлға, заманауи, жаңашылдық, қазақ мектебі.

Қазіргі таңда бесіктегі баладан бастап, балабақшадағы бүлдіршіннің, мектептегі шәкірттің, жоғары оқу орны қабырғасындағы жастың тәлім-тәрбиесіне, тектілігіне назар аударып отырып, білім беруді бүгінгі дәуірдің басты талабы деп қарау арқылы ғана келешекте қуатты мемлекеттің іргесін дамытудың даңғылына жол тартамыз. Ал ұлттық құндылықтардың, халықтық мұралардың білім беру процесіне тікелей ықпал етуіне жол ашу – тәлім-тәрбие мен білім беру үдерісінің тиімді пәрменіне айналмақ.

Өйткені, бүгінгі замандағы білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру [1].

Дәл осы мақсатта қазіргі білім беру жүйесінде тарихи тұлғалардың еңбектері, әдіс-тәсілдері ескеріліп жүрген жайы бар. Мәселен, ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің қазақ мектептерінің ашылуы жолында аянбай еңбек еткені және ондағы сапалы жүйені қалыптастыруға күш салғаны белгілі. Оның педагогикалық идеялары әлі күнге дейін маңызын жоғалтпай өмірлік құндылықтармен аласып жатыр. Олай болуының басты себебі – Ыбырай қазақ халқының болашағы үшін қызмет атқарған педагог. Жастарды еңбекке баулу, білімге шақыру сынды мақсаттары арқылы ол халықтық құндылықтарды да қатар насихаттай білді. Ыбырай – қазақ халқының ұлттық мұраттары мен тәрбие саласында ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін білім беру саласында негізге алу керек деген ұстанымда болған педагог.

Себебі, Ыбырай халықтық педагогикадан тәлім алды. Сол тәлім легі білім беру дағдысында жалғасын тауып, ол ұстаз ретінде сол қасиеттерді шәкірттердің бойына сіңіруге тырысты. Шын мәнінде, ұлттық эстетика, тәрбие проблемалары Ыбырайдың шығармаларынан көрініс таппады. Десе де, ол оның педагогикалық қызметтерінен көрініс тапты. Жастарды оқу-білімге шақыру, өнер-білімге үндеу құрғақ ауыз сөзге емес, арнайы ұстаздық тәсілдерге негізделді. Халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен сабақтас, мазмұндас келген Ыбырай шығармалары өзінің этнографиялық мәнде келуімен де ерекшеленеді. Осы фактілерді алдыға тарта отыра, Ыбырайдың педагогикалық қызметі өмірлік құндылықтармен тығыз байланыста деген тұжырымға келуге болады. Мәселен, Ыбырай десе оның «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі ойға оралады. Ол:

Бір аллаға сыйынып
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық, – деген өлең жолдары арқылы жастарды білімге ғана шақырып қойған жоқ. Ең әуелі, материалдық игіліктерден бұрын рухани байлыққа адамның талпынуы дұрыс екендігін алдыға тарту арқылы сол кезеңде білімге аса мән бермейтін кертартпа көзқарасқа үлкен соққы жасады. Екіншіден, кез келген істе ниеттің маңыздылығы ерекше рөл атқаратындығын түсіндіруге тырысты. Оның бұл өсиеттері хакім Абайдың: «Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» деген ойымен тікелей ұштасып тұр. Абай да отыз екінші қара сөзінде ғылым-білімді үйренбекке талап қылушыларға қатысты ой қозғап, өсиетін қалдырғандығы белгілі.


Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы да педагогикалық қызметімен үндесіп жатыр. Оның төл туындыларында тәрбие насихатына ерекше көңіл аударылуы сөзіміздің айқын дәлелі. Педагогтің «Талаптың пайдасы» атты әңгімелерінен ғалымның қоғамдық маңызын ашқызы келгендігі байқалады. «Шығармаларында оның өнерге деген ықылас – ілтипаты анық байқалады. Өзінің өлеңдері мен әңгімелері арқылы жастарды табиғаттың әсемдігін, адам сезімін қабылдап, түсіне білуге тәрбиелейді, оның өлеңдері мен ғибрат әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ол аймақта мектептер мен кәсіптік училищелер ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады» [2].

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығының тақырыбы – еңбек! Оның негізгі себебі – қазақтың салт-дәстүрлерін терең зерделеуінде. Жазушы, педагог сол арқылы шәкірттерді еңбекқорлыққа, отсансүйгіштікке, адалдыққа шақырды.

Ыбырай Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұдан ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұрғысынан қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Кім сендерді, балалар тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқауболсаң, балалар, жаман болсаң,

Қамқор анаң көз жасын көлдететін, – деген, ақын бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен баланы сүйіп, еркелететіндігін және ата-ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі, балажандық қасиеті мен ерекше мейірімдігін көреміз [3].



Еңбек процесінің тәрбиеде ерекше маңызға ие екендігін аңғарған Ыбырай Алтынсарин оны педагогикалық қыметтерінде тиімді бағытта пайдалану білді. Сондықтан әңгімесінің идеялары дана Абайдың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан. Мысалы, «Бай баласы мен жарлы баласы» атты әңгімесі өмірмен байланысы бар, шынайы шығарма. Осы әңгімесінде Ыбырай өз шығармашылығының бүкіл тенденциясын айқын аңғартады. Әңгіме кейіпкері Үсен арқылы халықтың еңбекқорлығын көрсетсе, ал Асанның образы оған мүлде қарама-қарсы. Айта кетерлігі, Үсеннің образында тек еңбексүйгіштік қасиет қана емес, Асанға үнемі көмек қолын созуға дайын тұратын қыры арқылы адамгершілік қасиетін үстемелей түседі. Асан керісінше, дайын дүниеге үйреніп қалған, жалқау қасиеттердің сипатын аша түседі. Бұдан өмірлік жағдаяттарды кездестіре отырып, мардымды қорытынды шығаруға болады. Екі образ да әлі күнге дейін өмірде кездеседі. Өйткені, адам болмысы – ешқашан да өлмейтін тақырып. Қай дәуірде болмасын адам бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттер қалмайды. Ал Ыбырайдың дәл осындай жақсылық пен ізгіліктің насихатшысына айналған мұралары өз өміршеңдігін сақтап қалары анық. Біз педагог-ағартушы, қазақ ғылымы мен білімінің, әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Ыбырайдың бір ғана әңгімесіне шағын талдау жасадық. Соның өзінде оның өмірмен байланысы тайға таңба басқандай айқын.

Жалпы қорытындылай келе, Ыбырай мұрасы әдебиет әлемінде болсын, педагогикалық қызметте болсын ортақ мақсаттарға жұмылдырылу арқылы өзінің биік бағасын алды. Ол баға уақытпен, ғасырмен келгендігі ақиқат. Әлі күнге дейін Ыбырайдың педагогикалық идеяларының білім беру саласында белгілі бір жүйемен ескеріліп, қолданыста болуы – оның адамзатқа ортақ өмірлік құндылықтармен үйлесім тауып отырғандығының белгісі.

Шын мәнінде, XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани-этикалық басымдылық негізінің мән құраушылық және шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, сонымен қатар ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік – кәсіптік және конфессионалды топтардың жан-жақты қажеттіліктерін, сондай-ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиенің озық нобайы ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабы болған абзал[4].

Әдебиеттер тізімі

1. **Ы. Алтынсарин тағылымы.** Алматы 1991 ж.
2. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008 ж, № 4,5.
3. **Ы. Алтынсарин** «Өнербілім бар жұрттар» Алматы, 1989 ж.
4. **Ы. Алтынсарин.** Таңдамалы шығармалары. 320 бет.